

**Обаева Гульнара Садуакасовнаның
«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Ғ.Мүсіреповтің көркем
шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына отандық кеңесшінің**

ПІКІРІ

Әдебиет пен фольклор арасындағы байланыс терең де сан қырлы. Фольклор халық шығармашылығы ретінде қаламгерлердің шабыт көзі болып саналады. Көптеген әдеби шығармалар өз сюжетін, мотивтерін, образдарын, символдарын фольклордан алады. Көбінесе көркем шығармалар халық ертегілерінің, аңыздарының, мифтерінің немесе балладаларының интерпретациясы немесе модернизациясы болып келеді. Әдебиет өз кезегінде фольклорлық мұраны сақтаушы, жеткізуші рөлін атқарады, халықтық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды мәңгілікке жалғастыруға мүмкіндік береді. Әдебиетте әртүрлі жанрлар мен дәуірлердегі шығармаларға еніп жатқан халық даналығының, дүниетанымы мен мәдениетінің көрінісін жиі көруге болады. Олай болса, әдебиет пен фольклордың арақатынасы жеке және ұжымдық шығармашылықтың, өткен мен бүгіннің диалогының бір түрі. Олар бір-бірін толықтырып, мәдени ортамызды байытып, халықтың тарихы мен рухани құндылықтарын түсінуге көмектеседі.

Көркем әдебиеттегі фольклорлық мотивтердің негізгі қызметтерінің бірі – шынайылық пен мәдени тереңдік атмосферасын жасау. Олар әдетте көркем шығармаға ерекше әр беріп, халық даналығын, дәстүрі мен құндылықтарын жеткізуге көмектеседі, көбінесе жазушы мен оның аудиториясы арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді, өйткені олардың көпшілігі оқырмандарға бала кезінен немесе өздерінің қанмен сіңген гендік жадында сақталып жеткен мәдени дәстүрлерінен таныс. Фольклор мен әдебиет адамзаттың көркемдік дамуында үлкен орын алады. Бір-біріне күрделі ұқсастықтары бар бұл құбылыстардың мәні мен айырмашылығын нақты білу рухани жолдарды түсіну үшін өте маңызды.

Көркем шығармадағы фольклорлық дәстүр – бұл фольклордың жекелеген элементтерінің әдебиетке енуі және дәстүрлі фольклордың дамып, өмір сүрген шынайы ортасынан өзгеше маңызды екі жүйенің (ауызша-көркемдік) өзара байланысының нәтижесі.

Диссертациялық зерттеуде осы екі көркемдік жүйенің өзара ықпалының тарихнамасы теориялық тұрғыдан айқындалып, Ғабит Мүсіреповтің әдеби шығармаларының поэтикалық құрылымындағы фольклор үлгілерінің трансформациялану болмысы әдебиеттану ғылымы заңдылықтары аясында қарастырылады. Зерттеу аясында фольклорлық мотивтердің мифологиялық, ертегілік, эпикалық және т.б. түрлері қарастырылған. Фольклорлық мотивтерді қолданудың жалпы тенденциялары мен олардың мәдени мұраға тигізетін әсерін анықтау мақсатында жазушының прозалық және драмалық шығармалары зерттелген. Қазіргі заманда фольклорлық мотивтерді пайдалану

қайталанбас көркем образ жасаудың бір жолы бола алады. Дегенмен, әдеби шығармалардың өзіндік ерекшелігі мен өзектілігін сақтау үшін дәстүр мен жаңашылдық арасындағы тепе-теңдік қажет.

Диссертант Гульнара Обаеваның бұл жұмысы Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық сарындарды, фольклорлық сюжеттер мен жанрлардың қолданысын, фольклорлық кейіпкерлердің өзіндік трактовкасын, олардың көркемдік, идеялық, танымдық мәнін анықтауға, сырлы суреткердің фольклорға сүйену стилінің өзгеше әрі өзгелерге ұқсамайтын қырлары бар екендігін дәлелдеуге арналған. Бұл ретте салыстырмалы-типологиялық талдау әдістерін қолдана отырып, Ғ.Мүсіреповтің туындыларындағы фольклорлық мұра дәстүрін игерудегі өзіне тән ерекшелігі ашылған.

Ғылыми жұмыста жазушы әңгімелері мен көлемді шығармаларында да, драмаларында да этнографиялық-фольклорлық кең өріс тапқан сарындар, халқымыздың өмір сүру салтына байланысты этнографиялық өмір деректері талданған. Жазушының көркем шығармаларында ежелгі аңыздық сілемдер мол көрініс тауып, олардың сюжеттік желілерінің сарындары әртүрлі әдістермен қолданылғандығы, аңыздық, ертегілік, мифтік сюжеттердің бірде жалпы сюжеттік сарынын алса, енді бірде белгілі бір нақты кейіпкерлердің атын немесе іс-әрекетін сөз арасына елеусіз ғана айтып қалуы кейде баламалар жасау үшін алынғандығы жазушының стильдік ерекшелігіне тән қолданыс екендігі дәлелденген. Қаламгердің фольклорға тән дәстүрлі көркемдік құралдарды табиғи эстетикалық танымына жуық алып, өз қолданысына сәйкес түрлендіріп, ақындық болмыс-бітіміне, тіл шеберлігіне үйлестіргендігі айқындалған. Фольклорлық мотивтер көркем әдебиеттің жаңа тәсілдерімен байланысы қарастырылып, соның ішінде постмодернистік ағымның қазіргі түрлі стильдік формалары интермәтінділік, ризоматикалық құрылым, пародия, пастиш, т.с.с. тәсілдері аясында жазушының әңгімелері талданып, баяндау құрылымы, жазу стилі зерттеліп, олардың шығармада реалистік образды берудегі қызметі айқындалған.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негізі ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ұрпақ болашағын ата-баба салған сара жолмен сақтап, дамытуға негізделген ұлттық, философиялық зерттеулердің ғылыми-теориялық деректері, қазақ фольклоры, көркем шығармалардағы фольклорлық мотивтер туралы ғылыми зерттеулер мен ой-тұжырымдар, фольклористика ғылымының дамуы туралы ғылыми талдаулар, салыстырмалы зерттеулер төңірегіндегі ғалымдардың еңбектері пайдаланылған.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбына қатысты жаңа бағыттар мен идеяларға, ғылыми еңбектерге талдау жасалған.

Зерттеу жұмысы диссертацияға қойылатын құрылымдық-композициялық талап деңгейіне сай дайындалған. Жұмыс кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Жұмыстың әрбір бөлімі бөлімшелерге жіктеліп түсіндірілген. Олардың әрқайсысы бір-бірімен ішкі тұрақтылықты дәйектеп, идеялық тоғысуды сақтай отырып жалғасқан.

Ғ.Мүсірепов шығармаларында фольклоризмдердің қолданылуы халық мәдениетінің әдеби канонының қалыптасуына ықпал етіп, қазіргі заман мен өткен дәстүрдің байланысын нығайтып, халық өмірінің қайталанбас ерекшеліктері мен құндылықтарын сақтауға ықпал етеді, диссертациялық жұмыстың нәтижелері осы мәселенің өзектілігін теориялық тұрғыдан тұжырымдап, ғылыми деректер негізінде тұжырымдауға көмектеседі.

Зерттеудің негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері бойынша ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми журналдарда, елімізде және шетелдерде өткен халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында бірнеше мақалалар жарияланған.

Жалпы алғанда Обаева Гульнара Садуакасовнаның «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған «Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларындағы фольклорлық мотивтер» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан Г.С.Обаеваның ғылыми жұмысын «6D020500-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймыз.

**Отандық ғылыми кеңесші,
филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор**



М.Р. Балтымова

